



Қазақстан Республикасының сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс беру



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттағын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

• АУДАН ТЫНЫСЫ



ЖАҢАРҒАН ВОКЗАЛ ЕЛ ИГІЛІГІНДЕ

Салтанатты шара барысында вокзалдың өңір үшін маңызы айтылып, теміржол қатынасының елді мекендерді байланыстырудағы, жолаушыларға қолайлы жағдай жасаудағы рөлі ерекше атап өтілді. Жиынның алғашқы құттықтау сөзі теміржол саласының ардагерлері Үсен Имашев пен «Құрметті теміржолшы» атағының иегері Бәлібек Есенгелдиевке берілді. Ардагерлер теміржолшылардың ерен еңбегі мен саланың даму жолына тоқталып, жаңа вокзалдың пайдалануға берілуі тұрғындар үшін де, сала қызметкерлері үшін де маңызды оқиға екенін жеткізді.

Келесі кезекте сөз алған облыс әкімі Нұрдаулет Игілікұлы өңірде халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанын айтып, жаңартылған вокзал жолаушыларға қызмет көрсету деңгейін көтерумен қатар ауданның инвестициялық және туристік тартымдылығын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Іс-шараның әсерлі сәттерінің бірі – жаңа

нысанның символикалық кілтін табыстау рәсімі болды. Вокзал құрылысын жүргізген «ZANGAR SG» ЖШС-нің директоры Бекзат Жеткізгенов нысан кілтін «Қазақстан темір жолы ҰҚ» АҚ Маңғыстау магистралдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Рустам Тұхтievке табыстады.

Одан кейін жаңа вокзалдың лентасын кию құрметі теміржол саласының ардагерлері Рахмет Әйлеков пен Зоя Қосмағанбетоваға берілді. Көпшілік куә болған бұл рәсім нысанның ресми түрде пайдалануға берілгенін айшықтады.

1967 жылдан бері халыққа қызмет көрсетіп келген вокзал ғимараты күрделі жаңғыртудан өтіп, қазіргі заман талаптарына толық сәйкестендірілді. Қайта құру жұмыстары нәтижесінде нысанның жалпы аумағы 201 шаршы метрден 1090 шаршы метрге дейін ұлғайды. Құрылыс барысында шатыр мен қасбет жаңартылып, инженерлік жүйелер толық ауыстырылды, ішкі әрлеу

АУЫЛЫМЫЗДА ЖАҢАРТЫЛҒАН
ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНЫҢ САЛ-
ТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІ
ӨТТІ. АУДАН ҮШІН МАҢЫЗДЫ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ САНА-
ЛАТЫН НЫСАН МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫНЫҢ КӨЛІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫрту
жөніндегі ТАПСЫРМАСЫ АЯ-
СЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.
АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ОБЛЫС
ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ,
АУДАН ӘКІМІ ҒАЛЫМЖАН
НИЯЗОВ, ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНЫҢ
АРДАГЕРЛЕРІ, МЕКЕМЕ
БАСШЫЛАРЫ МЕН АУЫЛ
ТҮРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Жаңа ғимаратта кең күту залы, билет қассалары, анықтама қызметі, ана мен бала бөлмесі, медициналық пункт, қызметтік бөлмелер мен санитарлық тораптар орналастырылған. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кедергісіз қозғалуына қажетті барлық жағдай жасалған.

Шетпе стансасы бүгінде тәулігіне жүзге жуық жолаушыға қызмет көрсетеді. Мұнда Семей, Қарағанды, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау және Орал бағыттарына қатынайтын 16 жолаушылар пойызы аялдайды. Сондай-ақ станса арқылы Шерқала, Торыштағы Шартастар алқабы мен Айрақты секілді туристер көп баратын тарихи-танымдық орындарға жол тартатын қонақтар да қатынайды.

Жаңарған вокзалдың ашылуы тұрғындар мен қонақтарға қолайлы қызмет ұсынып қана қоймай, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға да өз үлесін қоспақ.

КЕЗЕККЕ СЕБЕП НЕ?

СОҢҒЫ КҮНДЕРІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА
АВТОГАЗ ҚҰЮ БЕКЕТТЕРІНДЕГІ КЕЗЕК МӘСЕЛЕСІ
ЖИІ ТАЛҚЫЛАНУДА. СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ҒА-
ЗЫНА СҰРАНЫСТЫҢ АРТУЫ КӨЛКІ ИЕЛЕРІНІҢ
АЛАНДАУШЫЛЫҒЫН ТУҒЫЗЫП ОТЫР. ДЕГЕНМЕН
ЖАУАПТЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, АУ-
ДАНДЫ СҰЙЫТЫЛҒАН МҰНАЙ ҒАЗЫМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖОСПАРЛЫ
ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.



Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі мамандарының мәліметінше, сұйытылған мұнай газының қоры мен сатылымы тұрақты бақылауда. Күн сайын ауданға қарасты ауылдардағы жағдайға мониторинг жүргізіліп, мәліметтер облыстық кәсіпкерлік және сауда басқармасына жолданып отырады. Қазіргі таңда аудан бойынша 11 ауылда автогаз құю бекеті жұмыс істейді. Атап айтқанда, Шетпе, Жыңғылды, Шайыр, Сайөтес, Шебір және өзге де елді мекендердегі бекеттер арқылы тұрғындарға қызмет көрсетіледі.

2026 жылдың үшінші тоқсанына ауданға «ҚазГӨЗ» ЖШС-нен шілде айына 1310,7 тонна, тамыз айына 1314,225 тонна, қыркүйек айына 1273,875 тонна сұйытылған мұнай газы бөлінген. Сонымен қатар «АМӨЗ» ЖШС-нен шілде айына 39,3 тонна, тамыз айына 35,775 тонна және қыркүйек айына 76,125 тонна көлемінде қосымша газ қарастырылған. Бұл көлемдер аудан бойынша қызмет көрсететін 65 кәсіпкерге белгіленген тәртіппен үлестірілген.

Бұдан бөлек, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-нан теміржол арқылы Шетпе және Жыңғылды ауылдарына жалпы көлемі 72 тонна болатын екі вагон сұйытылған мұнай газы жеткізілуде. Оның бір вагоны келіп, қазіргі таңда сатылымға шығарылған. Сондай-ақ Атырау мұнай өңдеу зауытынан қосымша 112,5 тонна газға тапсырыс беріліп, ол осы айдың соңына дейін тұрғындарға ұсынылмақ.

Сондай-ақ, қазіргі таңда ұзын-сонар кезек негізінен аудан орталығы – Шетпеді ғана байқалуда. Қалған ауылдардағы автогаз құю бекеттерінде мұндай жағдай тіркелмеген. Кезектің қалыптасуына бірнеше фактор әсер еткен. Атап айтқанда, Атырау мұнай өңдеу зауытында 20 маусым мен 19 шілде аралығында жүргізілген жоспарлы жөндеу жұмыстары жеткізілімге ықпал еткен. Сонымен қатар Шетпе ауылы арқылы республикалық маңызы бар автожол өтеді. Жаз мезгілінде аудан тұрғындарымен бірге транзиттік жүк көліктері, теңіз жағалауына және туристік бағыттарға жол тартқан демалушылар да осы ауылдағы автогаз құю бекеттерінің қызметін пайдаланады. Соның салдарынан сұйытылған мұнай газына деген сұраныс артып, кезек қалыптасып отыр.

Автогаз құю стансасы қызметін көрсететін жеке кәсіпкер Дәулет Бекмағұловтың айтуынша, газ тасымалы бекітілген кестеге сәйкес және қолданыстағы талаптар негізінде жүзеге асырылады.

– Біздің негізгі мақсатымыз – тұрғындарды сапалы әрі қауіпсіз автогазбен қамтамасыз ету. Менің бекетіме ай сайын шамамен 20 тонна газ жеткізіледі. Бұл көлемнің халыққа жеткілікті немесе жеткіліксіз екенін нақты айту қиын. Оны арнайы мамандар анықтайды. Қазіргі уақытта газды тек аудан тұрғындары ғана емес, республикалық жолмен қатынайтын көліктер мен туристер де тұтынады. Сондықтан жаз мезгілінде сұраныстың артуы қалыпты жағдай, – дейді кәсіпкер.

Қазіргі таңда ауданды сұйытылған мұнай газымен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Қосымша жеткізілімдердің келуі аудан орталығындағы жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Материалдарды дайындаған Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТУРАСЫНДА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
МЕКЕНДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТЫ ЖАҚСARTU
БАҒЫТЫНДА АУДАН АУМАҒЫНДА АУҚЫМДЫ ЖОЛ
ЖӨНДЕУ ЖОБАЛАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫЛУДА. СОНЫҢ БІРІ – РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МАҢЫЗЫ БАР KR-10 «ФОРТ-ШЕВЧЕНКО – ТАУШЫҚ
– ШЕТПЕ» АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ОРТАША
ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.

Аудан тұрғындары үшін маңызды жол жобаларының бірі – республикалық маңызы бар KR-10 «Форт-Шевченко – Таушық – Шетпе» автомобиль жолындағы орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда. Осыған орай ауданға жұмыс сапарымен келген облыс әкімі Нұрдаулет Қиыбай Таушық–Шетпе аралығындағы жол учаскесінде болып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Сапар барысында облыс әкімі аудан әкімі Ғалымжан Ниязовпен, «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ Маңғыстау облыстық филиалының директоры Арман Жолдықұловпен және облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Бейнеубек Әбіловпен кездесіп, жобаның жүзеге асырылу барысын талқылады. Кездесу барысында жол құрылысының қазіргі жағдайы, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде мәлімет берілді.

Аталған жобаны мердігер мекеме – «Ақ жол құрылыс» ЖШС



жүзеге асыруда. Ұзындығы 70 шақырымды құрайтын Таушық–Шетпе аралығындағы жол учаскесін орташа жөндеу жұмыстары 2025 жылы басталған. Жоба аясында жолға екі қабатты асфальт-бетон жабынын төсеу көзделген.

Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары Тұшыбек–Шетпе бағытына жетіп, жолдың 44,6 шақырымына қалыңдығы 7 сантиметр болатын ірі түйіршікті тығыз асфальтбетонның төменгі қабаты төселуде. Бұл жол құрылысының алғашқы кезеңі болып табылады. Алдағы уақытта асфальт жабынының келесі қабаттары төселіп, жоба толық көлемде жүзеге асырылатын болады.

Облыс әкімі жол құрылысының сапасына ерекше назар аударып, барлық жұмыстың белгіленген мерзімде әрі талапқа сай орындалуын тапсырды.

Жауапты мамандардың мәліметінше, жөндеу жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізіліп, жобаны 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жоба іске асқаннан кейін жол қозғалысының қауіпсіздігі артып, аудан тұрғындары үшін қолайлы көлік қатынасы қалыптасады.



zhanaomir@bk.ru



www.facebook.com/zhanaomir.gazeta



zhanaomir_kz



OTRAN
NEWS.kz



● СҰХБАТ

ЕЛІМІЗДЕ ӨТЕТІН ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ – АЗАМАТТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ЕРКІН БІЛДІРЕТІН МАҢЫЗДЫ НАУҚАННЫҢ БІРІ. САЙЛАУДЫҢ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА САЙ, АШЫҚ ӘРІ ӘДІЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ – САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫНДА ТҮРҒАН ҮЛКЕН МІНДЕТ. ОСЫ ОРАЙДА МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАғАСЫ ЛАЗЫМ ЖОНАСОВПЕН СҰХБАТТАСЫП, САЙЛАУ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ, САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ, ДАУЫС БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТҮРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРАТЫН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТӨңРЕГІНДЕ Әңгіме ӨРЫТКЕН БОЛАТЫНБЫЗ...

– Лазым Наурызғалиұлы, Құрылтай депутаттарының сайлауын тағайындау туралы жарияланғаннан кейін ауданымызда қандай дайындық жұмыстары басталды?

– Президенттің Құрылтай депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Жарлығы жарияланған сәттен бастап Маңғыстау ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына сәйкес дайындық жұмыстарын бастады. Сайлау науқанының бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес өтуіне, шаралардың уақытылы, сапалы ұйымдастырылуына аса назар аударылуда. Сайлау учаскелерінің дайындығы пысықталып, материалдық-техникалық жарактандырылуы, сайлаушылар тізімін нақтылау және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда ауданда 22 сайлау учаскесі жұмыс істесе, оның үшеуі азаматтардың уақытша болу орындарында ұйымдастырылған.

– Аудандық сайлау комиссиясы қазіргі таңда сайлауды ұйымдастыру бағытында қандай негізгі жұмыстарды атқарып жатыр?

– Қазіргі уақытта ауданның аумақтық сайлау комиссиясы сайлау науқанының барлық кезеңдерінің заң талаптарына сәйкес өткізілуін басты назарда ұстап отыр. Учаскелік сайлау комиссияларына әдістемелік көмек көрсетілуде, сайлау құжаттары әзірленіп, сайлау учаскелерін дайындау жұмыстары жүргізілуде. Учаскелік сайлау комиссия мүшелерін оқыту жұмыстары ұйымдастырылуда. Сайлау науқанына жұмылдырылатын барлығы 154 учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін толықтай оқыту, олардың барлығының тест тапсыруын ұйымдастыратын боламыз. Сонымен қатар ауданда тіркелген 18319

ӘДІЛ САЙЛАУ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

сайлаушының тізімін нақтылау, азаматтардың уақытша болу орындарындағы сайлаушылардың тізімін жасақтау жұмыстары жалғасуда, яғни сайлау күні вахтада жұмыста болатын азаматтар тізімі жасақталып жатыр.

– Алдағы Құрылтай депутаттарының сайлауы қалай өтеді? Оның негізгі кезеңдері мен тәртібіне тоқталып өтсеңіз.

– Сайлау Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес өткізіледі. Бекітілген күнтізбелік жоспарға сай партиялық тізімдерді ұсыну, тіркеу, сайлау комиссияларының құрамын, орналасқан жерін, шекараларын жариялау жұмыстары жүргізілді. Сайлауалды үгіт, сайлаушылар тізімін учаскелік комиссияларға ұсыну, сайлаушыларды сайлаушылар тізімдеріндегі өздері туралы деректермен таныстыру сияқты жұмыстар да алдағы күндері ұйымдастырылады.

– Аудандағы сайлау учаскелерінің барлығы қажетті материалдық-техникалық құралдармен толық қамтылған ба?

– Иә. Барлық сайлау учаскелері дауыс беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті материалдық-техникалық құралдармен толық қамтамасыз етіледі. Дауыс беру кабинеттері, байланыс құралдары, ақпараттық стендтер және өзге де қажетті жабдықтар дайындалуда.

– Сайлау учаскелерінің мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімділігі қандай?

– Мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын толық жүзеге асыруына ерекше назар аударылады. Сайлау учаскелері пандустармен, арнайы кіру жолдарымен және қажетті жағдайда арнайы жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Денсаулық жағдайына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтар заңнамаға сәйкес тұрғылықты жерінде дауыс беру мүмкіндігіне ие. Бүгінде ауданда дауыс беру кезінде ерекше қажеттіліктері бар 110 сайлаушы бар.

– Азаматтар өздерінің қай учаскеде дауыс беретінін қалай біле алады?

– Азаматтар өздерінің қай сайлау учаскесіне тіркелгенін жергілікті атқарушы органнан, учаскелік сайлау комиссиясынан біле алады. Сонымен қатар сайлаушылар қай сайлау учаскесінде тіркелгендігін және оның нөмірі мен орналасқан жерін saiiau.e-mangistau.kz сайтынан, [t.me/map_saylaw_bot/](https://t.me/map_saylaw_bot) телеграмм каналынан көруіне болады. Егер ол платформалардан өзіңіз туралы деректі таба алмасаңыз Маңғыстау ауданы әкімдігінің CALL орталығына 8 (72931) 21451 телефонына қоңырау шалуыңызға болады.

– Байқаушылардың жұмысы қалай ұйымдастырылады? Олар сайлау процесінің ашық-



тығын қамтамасыз етуде қандай рөл атқарады?

– Байқаушылар заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеліп, сайлау процесінің барлық кезеңіне қатыса алады. Олар дауыс беру барысын, дауыстарды санау рәсімін бақылап, сайлаудың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге, қоғамның сенімін арттыруға маңызды үлес қосады.

– Дауыс беру қорытындыларын шығару және жариялау рәсімі қалай жүзеге асырылады және сайлаушылар бұл науқанға қатысты ресми әрі нақты ақпаратты қайдан ала алады?

– Дауыс беру аяқталғаннан кейін учаскелік сайлау комиссиялары бюллетеньдерді санап, хаттамалар жасайды. Сайлау қортындылары туралы хаттамалар дереу учаскеде ілініп, екі күн тұрады. Нәтижелер жоғары тұрған сайлау комиссияларына жолданып, заңнамаға сәйкес ресми түрде жарияланады. Азаматтар барлық ресми ақпаратты Орталық сайлау комиссиясының, облыстық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының ресми ақпараттық ресурстарынан ала алады.

– Тұрғындарға сайлауға қатысты айтар қандай ескертіп, өтінішіңіз бар?

– Барша Маңғыстау ауданы тұрғындарын алдағы сайлауға белсенді қатысуға шақырамын. Әрбір азаматтың дауысы – елдің болашағына әсер ететін маңызды тандау. Сайлау комиссиясының басты міндеті – әрбір азаматтың сайлау құқығын толық қамтамасыз етіп, сайлауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыру. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды болғандықтан барша өлке тұрғындарын белсенді болуға, ауданымыздың, еліміздің жарқын болашағы үшін өз тандауларын жасап, дауыс беруге қатысуға шақырамын.

– Рахмет!

A. PAXMETOVA.

● ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНА ЕЛЕУЛІ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ОЛ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАРҒА ДЕГЕН СЕНІМДІ ӘЛСІРЕТІП, ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҮРАҚТЫ ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕРІН ТИГІЗЕДІ. СОНДЫҚТАН ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

АДАЛ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде жүзеге асырылуда. Осы мақсатта заңнамалық негіздер жетілдіріліп, құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлық көбіне пара беру мен алу, қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану, заңсыз жеңілдіктерге қол жеткізу сияқты әрекеттер арқылы көрініс табады. Мұндай келесіне құбылыстар қоғамдағы әділдік пен теңдік қағидастарына нұқсан келтіріп, жастардың болашаққа деген сеніміне әсер етеді.

Жемқорлықпен күрестегі ең тиімді тәсілдердің бірі – оның алдын алу. Бұл бағытта қоғамда адалдық пен парасаттылық құндылықтарын қалыптастырудың маңызы зор. Әсіресе жас ұрпаққа әділдік, жауапкершілік және заңға құрмет сияқты қасиеттерді дәрiптeу қажет. Бүгінде білім беру ұйымдарында «Адалдық сағаты», тәрбие сағаттары, пікірталастар мен кездесулер өткізіліп, оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Адал ұрпақ» клубының қызметі жастарды адал еңбекке және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі де ашықтық пен жариялылықты арттырып, жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру да бұл бағыттағы маңызды қадамдардың бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – үздіксіз жүргізілетін маңызды жұмыс. Таза қоғам қалыптастыру үшін әр адам заң талаптарын сақтап, өз ісіне адал болуы қажет. Өйткені адалдық пен әділдік үстемдік құрған қоғам ғана тұрақты дамуға қол жеткізіп, жарқын болашаққа нық қадам басады.

Ұштап ҰМБЕТОВА,
М.Атымов атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі.

● ЖАҢАЛЫҚ

«START» ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

ОНДЫ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНАН АШЫЛҒАН «START» ФОТОСТУДИЯСЫ БҮГІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ, ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰШТАСТЫРҒАН ЕРЕКШЕ ӨНЕР ОРДАСЫНА АЙНАЛЫП ОТЫР. СТУДИЯНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ МЕРУЕРТ ЗҰЛХАРНАЙҚЫЗЫ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІП, АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ, ӘСІРЕСЕ ЖАСТАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕДІ.

Фотостудияның негізгі мақсаты – фотосурет өнерін насихаттау, эстетикалық талғамды қалыптастыру, шығармашыл жастардың жаңа мүмкіндіктерін ашу және олардың заманауи технологияларды тиімді пайдалануына бағыт-бағдар беру.

Жыл бойы «START» фотостудиясы ұлттық мерекелерге, мемлекеттік атаулы күндерге, тарихи даталарға және мәдени-көпшілік іс-шараларға арналған мазмұнды фотожобалармен ұйымдастырады. Әрбір көрме өзіндік тақырыбымен ерекшеленіп, көрерменге тәрбиелік әрі танымдық әсер сыйлайды. Фотожобалар арқылы туған жердің көркем табиғаты, ұлттық салт-дәстүр, ауыл өмірі, еңбек адамдарының бейнесі мен мәдени мұра кеңінен насихатталып келеді.

Студияның тағы бір маңызды бағыты – жеке шығармашылық фотожобалар мен есептік көрмелер ұйымдастыру. Бұл жұмыстар үйірме мүше-

лерінің еңбегін көпшілікке таныстырып қана қоймай, олардың шығармашылық ізденісін шыңдауға мүмкіндік береді.

Үйірме сабақтарында қатысушылар фотоаппаратпен жұмыс істеудің қыр-сырын, жарық пен көлеңкени дұрыс пайдалануды, композиция құруды, кадр тандауды, табиғи және студиялық түсірілім ерекшеліктерін меңгереді. Сонымен қатар фотосуреттерді өңдеу, көркем безендіру, креативті идеялар әзірлеу бағытында тәжірибелік сабақтар өткізіледі.

Заманауи талапқа сай студияда жасанды интеллект (AI) мүмкіндіктерін пайдалану бойынша да арнайы сабақтар ұйымдастырылып келеді. Үйірме мүшелері ChatGPT, Gemini және басқа да жасанды интеллект құралдарының көмегімен шығармашылық жобалар әзірлеуді, фотосуреттерге жаңа идеялар ұсынуды, мәтіндер мен дизайн элементтерін жасауды үйренуде. Бұл олардың цифрлық сауаттылығын арттырып, шығармашылық ойлау қабілетін жаңа деңгейге көтеруде.

«START» фотостудиясының тәрбиеленушілері аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі шығармашылық байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындар мен бас жүлделерді иеленіп келеді. Бұл – жетекшінің қажырлы еңбегі мен үйірме мүшелерінің тынымсыз ізденісінің нәтижесі.

Студия жетекшісі Меруерт Қалдыбаева мәдениет саласының дамуына қосқан үлесі, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы белсенді еңбегі үшін түрлі деңгейдегі Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен және да басқа сыйлықтармен



марапатталған.

Бүгінде «START» фотостудиясы – тек суретке түсіру алаңы ғана емес, жас таланттарды қанаттандыратын, шығармашылыққа баулитын, жаңашыл идеялардың жүзеге асуына мүмкіндік беретін үлкен өнер мектебіне айналды. Ұлттық құндылықтарды дәрiптeй отырып, жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы студия алдағы уақытта да талай дарынды жастардың жолын ашып, мәдениет саласының дамуына өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

E. ЖҰМАҒҰЛОВА.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ВЕТЕРИНАРИЯ
САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ

ҚАЙ САЛАДА БОЛСЫН ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ЕТПІ, КӘСІБІНЕ АДАЛДЫҚ ТАНЫТҚАН ЖАНДАРДЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМУЫҒАН Өңір үшін ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. ОСЫ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТТЕ ҚЫРЫҚЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ ЕҢБЕК ЕТПІ, САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ САУЛЫҒЫН САҚТАУҒА АРНАҒАН АРДАГЕР МАМАНДАРДЫҢ БІРІ – САРА ҚАРАЖАНОВА.



Сара Қаражанова Ақшымырау Сауылында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін еңбек жолын бастап, әртүрлі қызметтер атқарды. Кейін ветеринария саласын таңдап, 1976-1977 жылдары Талдықорған облысында білім алып, ветеринариялық фельдшер мамандығын меңгерді.

1977 жылдан бастап ветеринария саласында еңбек еткен ол 2020 жылға дейін мал дәрігері қызметін абыроймен атқарды. Еңбек жолында мал ауруларының алдын алу, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау, ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру бағытында

аянбай қызмет етті. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби біліктілігі мен еңбекқорлығының арқасында әріптестерінің де, тұрғындардың да құрметіне бөленді.

Ол 1981 жылы Ғазизбек Маймаковпен шаңырақ көтеріп, үш бала тәрбиелеп өсірді.

Ғұмырын ветеринария саласына арнаған Сара Қаражанованың еңбек жолы – адал қызмет пен кәсіби жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Төрт түліктің саулығын сақтауға, елдің мал шаруашылығы саласының дамуына сүбелі үлес қосқан ардагер маманның еңбегі әрдайым құрметке лайық.

К.ҚҰСПАН,
аудандық ветеринариялық инспекция басшысы.

«АДАМ САУДАСЫ –
АУЫР ҚЫЛЫМЫС!»
АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАН
БАСТАЛАДЫ

БҮТІНГІ ТАҢДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ТОПТАР ЖҰМЫС ІЗДЕУ ҮШІН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ-ПЛАТФОРМАЛАРДЫ БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАНАДЫ. ЖОҒАРЫ АҚЫ ТӨЛЕНЕТІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ АТЫН ЖАМЫЛЫП, АДАМДАРДЫ ЖАҢЫЛЫСТЫРАДЫ, БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРАДЫ ЖӘНЕ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУҒА МӘЖБҮРЛЕЙДІ.

Қанаудың бұл түрі трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың ең тез таралатын қауіптерінің біріне айналууда. Адам саудасының құрбандары әр түрлі жастағы, кәсіптегі және білім деңгейіндегі адамдар болууда.

Қазіргі заманғы адам саудасы тек жыныстық қанау немесе мәжбүрлі жұмыс емес. Барған сайын адамдарды алаяқтық, киберқылмыс, заңсыз көші-қон, есірткі саудасы, ұрлық және басқа да қылмыстарға қатысуға мәжбүрлейді.

Сондықтан алдын алу қылмыстың осы түріне қарсы тұрудың ең тиімді құралдарының бірі болып қала береді.

Адам саудасына қарсы іс – қимыл жөніндегі халықаралық күшжігерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 2026 жылғы 24-30 шілде аралығында «Адам саудасы – ауыр қылмыс!» атты республикалық ақпараттық науқан өткізеді.

Науқанның басты мақсаты – қоғамның назарын ұйымдасқан қылмыстың осы қауіпті түріне аудару, халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, адамдарды тартудың заманауи тәсілдері және зардап шеккендерді мемлекеттік қорғау шаралары туралы айту.

Науқанға мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, полиция бөлімшелері, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар қатысады. Апта ішінде бүкіл ел бойынша халықпен кездесулер, құқықтық консультациялар, профилактикалық материалдарды тарату және адам саудасының алдын алуға бағытталған басқа да науқандар өтеді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі азаматтарды жұмысқа орналасу туралы ақпаратты мұқият тексеруге шақырады, әсіресе ол ақпарат шетелде жұмыс істеу туралы болса, құжаттарды бейтаныс адамдарға бермеуге, күмәнді ұсыныстарға келіспеуге және адам саудасының ықтимал жағдайлары туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырады.

Әрбір адам қырағылық таныту, сенімді ақпарат тарату және қиын өмірлік жағдайға тап болғандарды қолдау арқылы бұл қылмыстың алдын алуға үлес қоса алады.

Адам саудасы қазіргі заманның маңызды сын-кәтері болып қала береді, алайда мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың бірлескен күш-жігерімен адамның қадір-қасиетін, бостандығын және әрбір адамның қауіпсіз өмір сүру құқығын қорғауға болады.

Жыл сайын 30 шілдеде Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күні атап өтілетінін айта кету керек.

Быыл ол қанаудың жаңа түрі адам саудасының құрбандарын ең алдымен онлайн-алаяқтық саласында қылмыс жасауға мәжбүрлеу нысанына назар аударуға арналған «Алаяқтық тұзағында» ұранымен өтеді.

Адам саудасы – ауыр қылмыс.
Бей-жай қарамаңыз.



ЕҚЫҰ

Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Астанадағы Бағдарламалар офисі

СІЗДІҢ МЫНАНЫ БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН!

АДАМ САУДАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

- мәжбүрлі еңбекті пайдалану;
- сексуалдық қанау, жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту;
- қайыр сұрауға мәжбүрлеу;
- құқыққа қайшы әрекет жасауға мәжбүрлеу;
- заңсыз бала асырап алу;
- трансплантация үшін адам ағзалары мен тінін заңсыз алу

АДАМ САУДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- еңбек шартының болмауы, нормаланбаған жұмыс кестесі;
- құжаттарын, табысын алып қою;
- жүріп-түру бостандығын шектеу, қандай да бір адаммен қарым-қатынасын бақылау;
- психологиялық қысым көрсету

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ПАЙДАЛАНАТЫН ҮҚПАЛ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІМЕН ТӘСІЛДЕРІ:

- алдау;
- бопсалау;
- басқа елде жұмыс істеген кезде жұмыс визасын ресімдеу, туристік виза жұмыс істеуге құқық бермейді;
- барлық құжаттарыңыздың көшірмелерін жасаңыз, оларды туыстарыңызға сақтаңыз;
- сізді жұмысқа шақыратын фирмалардың қызметі заңды ма екендігіне біліңіз;
- тіркеу қағидаларын сақтаңыз, шекараны заңсыз кесіп өтуге келіспеңіз.

ОСЫНДАЙ ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ҮШІН:

- өз құжаттарыңызды ешкімге сеніп тапсырмаңыз;
- өз құжаттарыңыздың көшірмелерін және тұрғылықты жеріңіз туралы ақпаратты жақындарыңызға қалдырыңыз;
- шетелдегі жұмыс, оқу немесе неке туралы күмәнді ұсыныстардан аулақ болыңыз, қабылдайтын тарап туралы ақпаратты сенімді ақпарат көздері арқылы тексеріңіз;
- шығуға байланысты қол қоятын барлық құжаттарды егжей-тегжейлі зерделеніз;
- бара жатқан елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілділігінің байланыс деректерін анықтаңыз



ЕГЕР СІЗ ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛСАҢЫЗ,
102 НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАҢЫЗ.

ҚЫРАҒЫ БОЛЫҢЫЗ,
ӨЗІҢІЗДІ АЛДАУҒА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!

ТӘУЕКЕЛ ТОБЫ

Адам саудасының ықтимал құрбандарын мынадай жерлерде пайдалануы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

- жеке үйлер;
- ресми және бейресми жұмыспен қамту орындары (шаруа қожалықтары, ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылымдар мен қыстаулар, құрылыс және өндірістік объектілер, модельдік және бей агенттіктері);
- бос уақытты өткізу орындары (қонақ үйлер, монша кешендері, сауналар, түнгі клубтар); киберкеңістік, оның ішінде порно сайттар мен интимдік сипаттағы қызметтер ұсынылатын сайттар;
- жалғанды немесе экстремистік ұйымдар;
- жедел-профилактикалық іс-шаралар, рейдтер өткізу;
- адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілеріне жүгіну;
- әлеуметтік желілерді, интернет кеңістікті мониторингтеу;
- адам саудасына қарсы күрес бойынша сенім телефондарына хабарласу;
- әлеуметтік сауалнамалар, халық арасында сауалнамалар жүргізу;
- Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне – Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне жүгіну;
- тәуекел аймақтарын анықтау және жағдайларды мониторингтеу үшін көші-қон ағындарын талдау;
- Мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерінде тәуекелді тану барысында анықталуы мүмкін

ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- ✗ ешбір жағдайда құжаттарыңызды ешкімге сеніп бермеңіз;
- ✗ күмәнді заңсыз қосалқы жұмыстарға келіспеңіз;
- ✗ әрқашан координаттарыңызды қалдырыңыз: туыстарыңызға телефон нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды;
- ✗ тексерілген көлік бағыттарын таңдаңыз;
- ✗ басқа елде жұмыс істеген кезде жұмыс визасын ресімдеңіз, туристік виза жұмыс істеуге құқық бермейді;
- ✗ барлық құжаттарыңыздың көшірмелерін жасаңыз, оларды туыстарыңызға сақтаңыз;
- ✗ сізді жұмысқа шақыратын фирмалардың қызметі заңды ма екендігіне біліңіз;
- ✗ тіркеу қағидаларын сақтаңыз, шекараны заңсыз кесіп өтуге келіспеңіз.

ЕГЕР СІЗ АДАМ САУДАСЫНА ҚАТЫСЫ БАР ДІП КҮДІКТЕНСЕҢІЗ:

- ☑ туыстарыңызбен немесе достарыңызбен кез келген жолмен байланысуға тырысыңыз;
- ☑ **102 нөміріне, «Safetravel.kz»** сайтына, жақын маңдағы полиция учаскесіне немесе жергілікті билік өкілдеріне хабарласыңыз;
- ☑ нақты мекенжайды немесе айналыстағы бағдарларды анықтауға тырысыңыз;
- ☑ қанау құрбандарына көмектесетін қоғамдық ұйымдарды іздеңіз;
- ☑ егер шетелде болсаңыз, Қазақстан консуллығына немесе Елшілігіне хабарласыңыз



ЕҚЫҰ

Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Астанадағы Бағдарламалар офисі

АДАМ САУДАСЫНЫҢ
ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ
ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНДЕ АДАМ САУДАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАР ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ КӨЗДЕЛЕТІН БІРҚАТАР БАПТАР БАР:

- | | |
|---|---|
| 116 | «Адамның ағзалары мен тінін алып қанау мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою»
- 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 125
Баптың 3-бөлігі
2) тармағында | «Қанау мақсатында адамды ұрлау»
- 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 126
Баптың 3-бөлігі
2) тармағында | «Қанау мақсатында бас бостандығынан заңсыз айыру»
- 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 128 | «Адам саудасы»
- 4 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 134 | «Көмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту»
- 3 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 135 | «Жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту»
- 5 жылдан 18 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 308 | «Жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту»
- 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады; |
| 309 | «Жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық»
- 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады |



АДАМ САУДАСЫ – адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау.

АДАМДЫ ҚАНАУ – кінәлі адамның мәжбүрлі еңбекті, басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді пайдалануы, адамды қайыр сұраумен айналысуға, құқыққа қайшы әрекет жасауға мәжбүрлеуі немесе кінәлі адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді кінәлі адамның пайдалануы деп кінәлі адамның алынған табыстарды немесе оның бөлігін иемденіп алу мақсатында, сол сияқты осы мақсатты көздемей, адамды жезөкшелікпен айналысуға немесе сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге мәжбүрлеуі түсініледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кінәлі адамның мәжбүрлі еңбекті пайдалануы деп адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған, осы адамнан күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіру арқылы талап етілетін кез келген жұмыс немесе қызмет түсініледі. Басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді кінәлі адамның пайдалануы деп кінәлі адамның алынған табыстарды немесе оның бөлігін иемденіп алу мақсатында, сол сияқты осы мақсатты көздемей, адамды жезөкшелікпен айналысуға немесе сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге мәжбүрлеуі түсініледі.

Адамды қайыр сұраумен айналысуға мәжбүрлеу деп басқа адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлкікті сұрауға байланысты қоғамға жат іс-әрекет жасауға мәжбүрлеуі түсініледі. Кінәлі адамның құқыққа қайшы әрекет жасауға мәжбүрлеуі деп табыс немесе мүлкікті сипаттағы пайда алу мақсатында адамды құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлеуі түсініледі.

АДАМ САУДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:



адам шектелуі немесе жүріп-түру бостандығы жоқ;



әр түрлі бақылау әдістерімен жұмыс орыны қалдыру мүмкіндігі жоқ;



басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жоқ;



қорқыныш немесе алаңдаушылық жағдайында, оның ішінде құқық қорғау органдарымен байланыс туралы;



ұйықтау және сергектік сағаттарына, тамақтануға қатысты бақылауда болу;



жеке басын қуаландыратын құжаттарға қол жеткізе алмайды, олар әртүрлі сылтаулармен үшінші тұлғаларда болады;



байланыс құралдары жоқ;



алдау, бопсалау, қорлау, қатыгездік, зорлық, зомбылық немесе зорлық-зомбылық қолдану, айыппұл, борышкерлік тәуелділікке, басқа да жазаларға ұшырайды;



оның дене немесе психологиялық жарақаттары болады, ұрып-соғу немесе психологиялық қысым көрген;



өзінің нақты орналасқан жері туралы ақпаратты түсінбейді немесе білмейді, не мекенжайы мен орналасқан жерін білмейді;



тұрғын үйге жарамсыз жерде тұрады (мысалы, техникалық үй-жайлар немесе сауналар, көшеде немесе жұмыс орында орналасқан жатын орындар)

